

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
КеАҚ «Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАО «ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА»

MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
NJSC «L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY»



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТА КҮНІНЕ АРНАЛҒАН
«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ВАЛЮТАСЫ:
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТӘЖІРИБЕЛІК КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
ПОСВЯЩЕННАЯ ДНЮ НАЦИОНАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**INTERNATIONAL SCIENTIFIC AND PRACTICAL CONFERENCE,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
DEDICATED TO THE DAY OF THE NATIONAL CURRENCY
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN**



13 ҚАРАША, 2024 АСТАНА

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО НАУКИ И ВЫСШЕГО ОБРАЗОВАНИЯ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**MINISTRY OF SCIENCE AND HIGHER EDUCATION OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY**



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ
ВАЛЮТАСЫ: ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСУ ЖӘНЕ
ҚАРЖЫ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ»**

**Қазақстан Республиканың ұлттық валюта күніне арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАРЫНЫҢ ЖИНАҒЫ**

13 қараша 2024 жыл

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

**Международной научно-практической конференции,
«НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН:
ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ»
посвященной дню Национальной валюты Республики Казахстан
13 ноября 2024 год**

COLLECTION OF MATERIALS

**International scientific and practical conference,
«NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN:
ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES»
dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan
November 13, 2024**

ASTANA, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы = Международная научно-практическая конференция «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» = International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» - Астана: – 688 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-82-2

Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы күніне арналған "Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары" тақырыбындағы халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағында жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар мен студенттер өткізген өзекті және проблемалық мәселелер бойынша авторлық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. Басылым студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, сондай-ақ қазіргі ғылымның өзекті мәселелерімен айналысатын оқырмандардың кең ауқымына арналған.

В сборнике материалов международной научно-практической конференции, посвященный дню национальной валюты Республики Казахстан на тему «НАЦИОНАЛЬНАЯ ВАЛЮТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН: ЭКОНОМИЧЕСКИЙ РОСТ И ФИНАНСОВЫЕ ТЕХНОЛОГИИ» представлены результаты авторских исследований по актуальным и проблемным вопросам, проведенных молодыми учеными, докторантами, магистрантами и студентами. Издание предназначено для студентов, магистрантов, докторантов, а также для широкого круга читателей, занимающихся актуальными проблемами современной науки.

The collection of materials from the international scientific and practical conference dedicated to the Day of the National Currency of the Republic of Kazakhstan on the topic "NATIONAL CURRENCY OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN: ECONOMIC GROWTH AND FINANCIAL TECHNOLOGIES" presents the results of the author's research on current and problematic issues conducted by young scientists, doctoral students, master's students and students. The publication is intended for students, master's students, doctoral students, as well as for a wide range of readers involved in current issues of modern science.

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

ISBN978-601-7697-82-2

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)
Ж 14

Рецензенттер:

Алина Г.Б. - ҚР БҒМ БҒСБК қауымдастырылған профессоры, Esil University мекемесінің «Бизнес және басқару» факультетінің деканы

Мажитов Д.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, «Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КЕАҚ профессоры

Редакциялық алқа:

Жағыпарова А.О. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Экономика факультетінің деканы, Астана қ.

Мақыш С.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Esil университетінің бірінші проректоры – академиялық мәселелер жөніндегі проректор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ диссертациялық кеңесінің төрағасы, Астана қ.

Бұлақбай Ж.М. – экономика ғылымдарының кандидаты., доцент, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Қаржы» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ.

Майдырова А.Б. – экономика ғылымның докторы, профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика және кәсіпкерлік» кафедрасының меңгерушісі, Астана қ

Сембиева Л.М. – экономика ғылымның докторы, профессор, ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Аманова Г.Д. - экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Есеп және талдау» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Муталиева Л.М. – экономика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Туризм» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

Мухияева Д.М. –Phd докторы қауымдастырылған профессоры, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Менеджмент» кафедрасының меңгерушісі. Л.Н.Гумилева, Астана қ.

ISBN 978-601-7697-82-2

«Қазақстан Республикасының Ұлттық валютасы: экономикалық өсу және қаржы технологиялары» халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының еңбектер жинағы. – Астана: "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024. – 699

Сборник трудов международной научно-практической конференции «Национальная валюта Республики Казахстан: экономический рост и финансовые технологии» . – Астана: НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024. – 699

Works of the International scientific and practical conference «National currency of the Republic of Kazakhstan: economic growth and financial technologies» . – Astana: NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024. – 699

ISBN 978-601-7697-82-2

УДК 336.743 (574)
ББК 65262.6 (5Қаз)

© "Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті"КЕАҚ, 2024
© НАО «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева», 2024
© NAO "L.N. Gumilyov Eurasian National University", 2024

- аудит кейінгі сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылаудың неғұрлым дамыған, сұранысқа ие нысаны болып табылады;

- аудит саласын операциялар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар кешенін іске асыру процестері құрайды;

- корпоративтік секторда аудитті ұйымдық құрылымы бүктелген, олардың кооперация мүмкіндігімен түрлі қызмет түрлерін жүзеге асыратын филиалдары мен еншілес компаниялары бар ұйымдар талап етеді;

- мемлекеттік сектордағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы бақылау Ішкі аудит нысанында ішкі бақылау моделі (COSO) шеңберінде жүзеге асырылатын сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмыс істеуі мен тиімділігін бағалаудың міндеттілігін көздейді.

Осылайша, аудиттің барлық функциялары ұйымдар мен мекемелерге болашақта қаржы - шаруашылық қызметтегі қателіктерден аулақ болуға, заңсыз операцияларды анықтауға, кәсіпорынды дамытуға, бухгалтерлік есеп пен салық есебін сенімді және дұрыс жүргізуге мүмкіндік береді.

Қорытынды. Аудит-бұл экономикалық қатынастардың ажырамас бөлігі, оның дамуы елдегі нарықтық жағдайды жақсартуды және мемлекеттің қаржылық ресурстарын тұрақтандыруды көздейді. Уактылы және сауатты жүргізілген аудит сыбайлас жемқорлықты және басқа да проблемаларды анықтауға көмектеседі, осылайша оларды тез шешуге болады.

Мемлекеттік органдар мен ұйымдарда ішкі бақылау және аудит жүйелерінің нәтижелілігін арттыру үшін маңызды фактор қаржылық бақылау және аудит саласындағы кәсіпқойлар арасында да, сондай-ақ басшылық құрам арасында да жүргізілуі тиіс оқыту болып табылады, Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік аудит комитетінің дамуы мен жетілдірілуі үшін елге теорияны шебер дамыта алатын жоғары білікті жас қызметкерлер қажет, мемлекеттік аудиттің практикасы мен тұжырымдамасы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Указ Президента Республики Казахстан от 3 сентября 2013 года № 634
2. «Об утверждении Концепции внедрения государственного аудита в Республике Казахстан».
3. Журнал «Международные стандарты INTOSAI» <https://intosaijournal.org>
4. Официальный сайт Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета www.gov.kz/memleket/entities/esep
5. Закон Республики Казахстан от 12 ноября 2015 года № 392-V ЗРК «О государственном аудите и финансовом контроле».
6. Агентство Республики Казахстан по противодействию коррупции <http://www.gov.kz/memleket/entities/anticorruption?lang=ru>

ӘОЖ(338.1)

КҮРДЕЛІ ҚҰРЫЛЫС ИНДУСТРИЯСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРАЖАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Комекбаев Е.Е

Магистрант, Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті., Астана қ., Қазақстан Республикасы,

E-mail: erbolat03kz@mail.ru

Аңдатпа. Құрылыс саласы қазіргі Қазақстанның экономикалық даму стратегиясында маңызды рөл атқарады. Ол халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, тұрғын үй құрылысын дамытуға және өндірістік инфрақұрылымды жаңартуға әсер етеді. Алайда, индустрия көптеген

проблемалармен бетпе-бет келуде, олардың шешімінде мемлекеттік қолдаудың және қаржыландырудың маңызы зор. Мақалада құрылыс индустриясының мәселелері, мемлекеттік қаражаттың тиімді пайдалануы, құрылыс материалдарының бағасының өсуі мен импортқа тәуелділігі, сондай-ақ нарықтық бағалар мен сметалық бағаларды реттеу мәселелері қарастырылады.


Аннотация: Строительная отрасль играет важную роль в стратегии экономического развития современного Казахстана. Она влияет на улучшение социального положения населения, развитие жилищного строительства и обновление производственной инфраструктуры. Однако индустрия сталкивается со многими проблемами, в решении которых большое значение имеет государственная поддержка и финансирование. В статье рассматриваются вопросы строительной индустрии, эффективного использования государственных средств, роста цен на строительные материалы и зависимости от импорта, а также вопросы регулирования рыночных цен и сметных цен.

Annotation: The construction industry plays an important role in the economic development strategy of modern Kazakhstan. It affects the improvement of the social situation of the population, the development of housing construction and the modernization of production infrastructure. However, the industry is facing many problems, in the solution of which state support and financing are of great importance. The article discusses the problems of the construction industry, the effective use of public funds, the increase in prices for building materials and dependence on imports, as well as the regulation of market prices and estimated prices.

Кілт сөздер: Құрылыс индустриясы, мемлекеттік қаржыландыру, тұрғын үй құрылысы, инфрақұрылым, құрылыс материалдары.

Құрылыс саласы қазіргі Қазақстанның экономикалық даму стратегиясындағы маңызды мәселе болып табылады. Құрылыс индустриясы халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуға, экономиканың нақты секторы ретінде тұрғын үй құрылысын дамытуға және өндірістік инфрақұрылымды жаңартуға жол ашады. Алайда, құрылыс индустриясының алдында бірқатар проблемалар тұр, оларды шешуде мемлекеттік қолдаудың және қаржыландырудың рөлі зор.

Құрылыс индустриясын дамытуда мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану мәселесі Қазақстанның стратегиялық даму бағдарламаларында көрсетілген. Бұл сала елдің экономикалық дамуы мен халықтың әлеуметтік әл-ауқатына ықпал ететін маңызды бағыттардың бірі. Қазіргі кезде Қазақстанда тұрғын үй құрылысы, өндірістік ғимараттар және инфрақұрылым салу қарқынды дамып келе жатса да, құрылыс материалдары мен өндіріс технологияларының артта қалуы, жабдықтардың ескіргендігі, және отандық өнім өндіруге қажетті шикізат базасының шектеулілігі индустрияның бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Мемлекеттік қаражаттың бұл салада тиімді пайдаланылуы құрылыс индустриясындағы осы мәселелерді шешуге бағытталған. Негізгі мәселелер туралы келесі суретте көрсек болады.



Сурет-1. Құрылыс индустриясының негізгі мәселелері
Ескертпе: Автормен құрастырылған

Ең алдымен, құрылыс компанияларының сандық көптігі басқару үдерістерін қиындатып отыр. Әр түрлі мердігерлік ұйымдардың құрылыс жобаларына қатысуы бақылауды әлсіретіп, технологиялық процестердің үйлесімділігін төмендетеді. Бұл жағдай шаруашылық байланыстардың әлсіреуіне әкеліп, құрылыс жұмыстарының уақтылы орындалуына кедергі келтіреді.

Екіншіден, құрылыс материалдарының шектеулі ассортименті мен отандық өндірістің жеткіліксіздігі құрылыс өнімдерінің бәсекеге қабілеттілігін төмендетеді. Импортты алмастыратын өнімдердің аздығы ішкі сұранысты қанағаттандырмай, нарықтағы бағаның өсуіне себеп болады. Бұл әсіресе импортқа тәуелділік жоғары болған жағдайда, құрылыс жобаларының құнының артуына және мемлекеттік шығындардың көбеюіне алып келеді.

Үшіншіден, техникалық және технологиялық жабдықтардың ескіруі құрылыс өнімділігіне айтарлықтай әсер етеді. Көптеген кәсіпорындарда жабдықтардың 50-70%-ға дейін тозғаны байқалады, бұл жағдай өндірістің тиімділігін төмендетіп, халықаралық стандарттарға сай келу мүмкіндігін шектейді. Құрылыс индустриясының сапасы мен технологиялық деңгейін көтеру үшін жаңа техникалар мен жабдықтар қажет.

Төртіншіден, энергия мен шикізат бағаларының тұрақты өсуі құрылыс материалдарының өзіндік құнын арттырады. Энергияның қымбаттауы өнім бағасының өсуіне алып келеді, ал шикізат бағасының тұрақсыздығы құрылыс жобаларының құнын жоғарылатады. Бұл өз кезегінде мемлекеттік және жеке сектордың қаржылық жүктемесін арттырып, ресурстардың тиімді пайдаланылуын қиындатады.

Соңында, маусымдық факторлар да Қазақстандағы құрылыс жұмыстарына әсер етеді. Суық климат жағдайында құрылыс процестерінің тоқтап қалуы өндірістік тиімділікті төмендетіп, шығындарды көбейтеді. Бұл жағдай кәсіпорындардың қаржылық жағдайын әлсіретіп, құрылыстың тұрақты дамуын тежейді [1,5].

Кесте -1. Құрылыс саласындағы статистикалық өзгерістер

Жылдар	Құрылыс жұмыстарының көлемі (трлн. теңге)	ЖІӨ-дегі құрылыс үлесі (%)	Мемлекеттік сектор үлесі (%)	Жеке меншік сектор үлесі (%)	Шетелдік меншіктегі үлесі (%)
2020	5.5 трлн	6.8 %	0.3	86.3 %	13.4 %
2021	5.9 трлн	7%	0.4	85.5 %	14.1 %
2022	6.2 трлн	6.9 %	0.5	85.1 %	14.4 %
2023	6.9 трлн	7.1 %	0.5	85.0 %	14.5 %

Ескертпе: Ұлттық статистика бюросы негізінде автормен құрастырылған

2020-2023 жылдары Қазақстанның жалпы ішкі өніміндегі (ЖІӨ) құрылыс саласының үлесі тұрақты өсіп, 2020 жылы 6,8%-ды құраса, 2023 жылы бұл көрсеткіш 7,1%-ға жетті. Бұл өсім құрылыс саласының экономиканың түрлі салаларына оң ықпал етіп, өзара байланысты секторларды дамытатынын айғақтайды.

2023 жылы құрылыс жұмыстарының жалпы көлемі Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша 6 триллион теңгеден асып, 2022 жылмен салыстырғанда шамамен 12%-ға өсті. Саладағы осы өсім мемлекетке де, жеке секторға да пайдалы болғанына қарамастан, құрылыс индустриясы бірқатар проблемаларға кезігіп отыр. Мемлекеттік сектордың үлесі бар-жоғы 0,5%-ды құраса, жеке сектор 85%-дық үлесті қамтиды, ал шетелдік меншік үлесі шамамен 14,5%-ға тең болды. Көрсеткіштердің ең жоғары деңгейі инженерлік құрылыстарда, тұрғын үй секторында, жолдар және өнеркәсіптік ғимараттар саласында байқалып отыр, бұл

құрылыстың ел инфрақұрылымын дамытуға тікелей әсер ететінін көрсетеді [2].

Құрылыс материалдарының қымбаттауы және импортқа тәуелділік

Құрылыс индустриясында материалдардың айтарлықтай қымбаттауы байқалды, бұл жағдай әсіресе Астана және Алматы қалаларында тіркелген. 2021-2023 жылдары негізгі құрылыс материалдарының бағасы күрт өскен: цемент бағасы 50%-ға, арматура шамамен 45%-ға, силикат кірпіш 35%-ға артты. 2023 жылға қарай силикат кірпіштің бағасы 72%-ға, арматураның бағасы 88%-ға, ал мыс кабельдің бағасы 107%-ға жоғарылады. Бұл бағаның өсуі негізінен импортқа тәуелділікпен байланысты: Қазақстан құрылыс материалдарын Ресей мен Қытайдан алып келеді. Әр түрлі бағалар мен импортқа тәуелділік салдарынан нарықта баға тұрақсыздығы байқалады.

Ұлттық даму бағдарламалары аясында импортты алмастыратын өндірістерді қолдау жұмыстары қолға алынғанымен, ішкі нарықтың құрылыс материалдарына деген сұранысын толығымен қанағаттандыру әзірше мүмкін болмай тұр. Қазіргі таңда республикада цемент, кірпіш, болат, және басқа да негізгі құрылыс материалдарын өндіруде әлеуетті арту мүмкіндіктері бар, алайда бұл бағытта ауқымды инвестициялар қажет. Мемлекеттік жоспар бойынша, 2025 жылға дейін отандық құрылыс индустриясын дамыту үшін арнайы жол картасы қабылданды.

Құрылыс саласындағы нормативтік және бағалық саясат

2020-2023 жылдары ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі құрылыс саласындағы баға белгілеу саясатын реттеу және сметалық бағаларды өзектілендіру жұмыстарын жүргізді. Осы жылдары құрылыстың сметалық құнын нарықтық бағаларға сәйкестендіру, салалық стандарттарды жетілдіру және сапа талаптарын күшейту бағытында бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

Атап айтқанда, құрылыс материалдарының сапасын арттыруға және бағалардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге бағытталған нормативтік және ақпараттық қолдау жұмыстары күшейтілді. 2023 жылғы геосаяси жағдайлар мен көлік-логистикалық қиындықтарға байланысты құрылыс материалдарының бағасы едәуір тұрақсыздыққа ұшырады.

Саладағы баға тұрақтылығын сақтау мақсатында құрылыс индустриясында қадағалау және тексеру жұмыстарын күшейту, ресурстарды дұрыс бөлу, сондай-ақ сметалық бағаларды нақты деректермен өзектендіру қажеттілігі туындады [3,4].

Құрылыс индустриясында мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану

2020-2023 жылдары құрылыс саласында мемлекеттік қаражатты тиімді пайдалану мақсатында бірқатар жобалар жүзеге асырылды. Құрылыс жұмыстарына мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаражаттар инфрақұрылымды дамытуға, әлеуметтік нысандарды салуға, сондай-ақ тұрғын үй мәселесін шешуге бағытталды.

Сонымен қатар, құрылыс индустриясының түрлі секторларына бөлінген қаражаттарды тиімді қадағалау арқылы елдегі құрылыс сапасын арттыру көзделген. Атап айтқанда, құрылыс ресурстарының бағасы өзгерістеріне жедел ден қою және инфляция әсерін азайту мақсатында баға саясатында нақтылау жұмыстары жүргізілді.

Кесте -2. Құрылыс саласындағы материалдар бағасының өсу серпіні

Жылдар	Керамикалық кірпіш бағасының өсуі (%)	Силикат кірпіш бағасының өсуі (%)	Арматура бағасының өсуі (%)	Мыс кабель бағасының өсуі (%)
2021	44	72	88	107
2022	47	74	90	110
2023	50	76	92	113

Ескертпе: Ұлттық статистика бюросы негізінде автормен құрастырылған

2021-2023 жылдар аралығында құрылыс материалдары бағасының тұрақты өсуі Қазақстан құрылыс нарығында айқын байқалды. Нақты деректерге сәйкес, керамикалық кірпіш бағасының өсуі үш жылда 44%-дан 50%-ға дейін жетті. Силикат кірпіш бағасы да едәуір қымбаттап, 2021 жылы 72%-дан 2023 жылы 76%-ға дейін көтерілді [6].

Сонымен қатар, арматура бағасының өсу қарқыны да айтарлықтай болды: 2021 жылы бұл материалдың бағасы 88%-ға көтерілсе, 2023 жылға қарай 92%-ға жетті. Ең үлкен өсім мыс кабелінде байқалды — оның бағасы 2021 жылы 107%-дан басталып, 2023 жылы 113%-ға дейін артты. Бұл өсім құрылыс материалдарының қымбаттауына және импортқа тәуелділікке байланысты болғандықтан, ішкі нарықта құрылыс материалдарына деген сұраныстың жоғары екенін көрсетеді.

Қорытынды

Мемлекеттік қаржыландыру тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымды дамытуға арналған жобаларды іске асыруға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, құрылыс материалдары мен технологиялардың бәсекеге қабілеттілігі қазіргі заманғы құрылыс индустриясында басты мәселелердің бірі. Қазақстандағы құрылыс материалдарының бағасы тұрақты түрде өсіп отыр, ал сала импортқа тәуелділігі артып келеді. Бұл жағдай отандық өндірістің жеткіліксіздігімен байланысты. Осының нәтижесінде саладағы бәсекеге қабілеттілік төмендеп, құрылыс сапасы мен өнімділігіне теріс әсер етуі мүмкін. Сондықтан, жаңа технологиялар мен инновациялық материалдарды енгізу, отандық өндірушілерді қолдау, сондай-ақ олардың өнімдерінің сапасын арттыру қажеттілігі туындайды.

Құрылыс индустриясында баға тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін нормативтік саясатты жетілдіру, сметалық бағаларды өзектілендіру және құрылыс материалдарының сапасын арттыруға бағытталған шараларды жүзеге асыру қажет. Бұл шаралар нарықтағы тұрақсыздықты төмендетуге, құрылыс процесіндегі шығындарды оңтайландыруға, және тұтынушылардың мүдделерін қорғауға көмектеседі. Нормативтік саясаттың тиімділігі құрылыс жобаларын орындау кезінде уақыт пен ресурстарды үнемдеуге, сондай-ақ құрылыс материалдарының сапасын бақылауға бағытталған механизмдердің құрылуына байланысты.

Жалпы алғанда, Қазақстанның құрылыс индустриясы даму жолында бірқатар қиындықтарға тап болса да, мемлекеттік қолдау, жаңа технологияларды енгізу, және нормативтік саясаттың жетілдірілуі арқылы осы салада оң өзгерістерге қол жеткізу мүмкіндігі бар.

Әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақстан тұрғын үй құрылысындағы мемлекеттік —жеке серіктестік үлесін арттыруды ұсынады. Forbes Kazakhstan іскерлік журналы, https://forbes.kz/news/2020/03/03/newsid_220298
2. Ұлттық статистика бюросы. <https://stat.gov.kz/?ref=bluescreen.kz>
3. Серікбаева Б. (2018)өнеркәсіптік өндірісті дамытудың инновациялық факторлары / транзиттік экономика. - 2014.
4. Құрылыс секторын қаржыландырудағы және ипотекалық несиелендірудегі тәуекелдер – 2020.
5. "Бизнестің жол картасы 2020"бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы "13" сәуірдегі № 301 қаулысымен бекітілген (Электрондық ресурс) <http://www.government.kz>
6. Құрылыс материалдарын өндіру(2020) (Электрондық ресурс) <http://www.ifk.kz>.